

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің жекелеген мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 29 тамыз N 1195. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.

Кеден Одағы туралы Қазақстан Республикасы мен Федерациясы арасындағы Келісімнің бірінші кезеңінің аяқталуына байланысты және кеден ісін жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Тікелей Ресей-Қазақстан шекарасында орналасқан кеден органдарының саны 1185 бірлікке қысқартылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті Кеден Одағына қатысушы елдердің экономикалық мүдделерін қорғаудың талаптарына жауап беретін кеден жүйесін басқарудың бірыңғай принциптік схемасы бойынша ішкі қайта ұйымдастыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

3 - 5 . < \* >

*Ескерту. 3-5 тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19 N 1797 қаулысымен .*

6. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 мамырдағы N 694 қаулысының 5-қосымшасының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 29 тамыздағы  
N 1195 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің  
жанындағы Кеден комитеті орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ**

**Б а с ш ы л ы қ**

Кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы  
Контрабандамен және кеден ережесін бұзушылармен күресті

ұйымдастыру басқармасы  
Кеден кірісі басқармасы  
Кеден күзеті мен режимін ұйымдастыру басқармасы  
Кеден органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасы  
Кадр басқармасы  
Заң қызметі басқармасы  
Аппарат қызметін ұйымдастыру жөніндегі басқарма  
Автоматтандыру және кеден статистикасы басқармасы  
Сыртқы байланыстар басқармасы  
Өзінің жеке қауіпсіздігі басқармасы  
Ақпаратты қорғау бөлімі  
Кеден комитеті жанындағы орталық кеден лабораториясы  
Баспасөз қызметі  
Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитетінің жанындағы  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы  
Кеден комитетінің өкілі